

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық туралы" N 41 Нұсқауына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 22 желтоқсан N 1571. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 10 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1055. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

48. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу туралы" N 41 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 22 желтоқсандағы N 1571 V991055_ бұйрығы. -----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 бұйрығымен бекітілген "Жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық туралы" N 41 Нұсқауына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін. 2. Әдістеме департаменті (Н.Д.Үсенова): - аталған Нұсқауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; - келісілген Нұсқауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау С.С.Қанатовқа жүктелсін. Министр Келісілді Бекітілді

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Мемлекеттік кіріс министрінің 10.01.2000 жылғы 22.12.1999 жылғы N 1571 бұйрығымен "Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу туралы" N 41 Нұсқауға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Нұсқаудың мәтіндегі "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар N 2235 Жарлығы" деген сілтеме кез-келген септеуде "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 2235 Заңы" деген тиісті септеумен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "1998 жылдың 1 қаңтары" деген сөздер "2000 жылдың 1 қаңтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармағымен толықтырылсын:

"4-1. Геологиялық барлау жұмыстарына (геологиялық зерттеу, барлау және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары) мыналар жатады:

жер қойнауының жағдайына мониторинг жүргізу, сейсмикалық болжау; геологиялық, географиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық суретке түсірулер;

пайдалы қазбаларға перспективаларды айқындаумен жалпы Республика аумағының геологиялық құрылымын зерттеу;

теңіздік геологтік-физикалық, ғылыми және тақырыптық зерттеулер;

ғылыми-геологиялық зерттеулер;

жер қойнауын пайдаланушылар үшін ақпараттық негіз болып табылатын мемлекеттік геологиялық карталарды жасау;

пайдалы қазбалардың орындарын барлау және оларды бағалау; геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мүлікті тасымалдау;

лабораториялық, топографтік-геодезиялық, карта жасаушылық, бұрғылау, кен қазу және геологиялық барлауға жататын басқа жұмыстар;

пайдалы қазбаларды жер қойнауының бетіне шығарумен байланысты жұмыстардан басқа пайдалы қазбаларды өндіруге кен орнын дайындаумен байланысты жұмыстар."; 10-тармақта: "егер келісім-шарт қағидаларында өзге көзделмесе" деген сөздер алып тасталсын; 11-тармақтың екінші сөйлемі 11-1-тармағы деп саналсын; 12-тармақта: "Нұсқауы" деген сөздерден кейін "жарамсыз деп саналады және" деген сөздермен толықтырылсын; "келісім-шарттар ережелерімен" деген сөздерден кейін "келісім-шарт жасау күнінде қолданылған Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салу бөлшегінде келісім-шарт қағидаларын әкелу мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын; 16-тармақта: мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшасымен толықтырылсын: "5-1) әлеуметтік салықты;"; 8) тармақша алып тасталсын; 9) тармақшадағы "3 және 4

баптарымен" деген сөздер "3 бабымен" деген сөздермен ауыстырылсын;
18-тармақтың 1)в) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөздермен
толықтырылсын: "- 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалынған келісім-шарттар
ү ш і н " ;

26-тармақтың бірінші абзацында:

"жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт" деген сөздерден кейін "(пайдалы
қазбаларды, оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты
суларын өндіру)" деген сөздермен толықтырылсын;

"ұстап қалуға құқығы бар" деген сөздерден кейін "Қазақстан
Республикасының салық заңдарына сәйкес," деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 28-1-тармағымен толықтырылсын:

"28-1 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабында
көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге кен орындарын дайындаумен
байланысты жұмыстар және аумақтарды геологиялық зерттеу (барлау) жүргізу
бойынша жер қойнауын пайдаланушы қызметінің барлық кезеңі үшін
жинақталған өндіру кезеңі басынан бастап - шығыстар амортизациялық
аударымдар түрінде жиынтық жылдық кірістен ұстап қалуға жататын, шығыстар
сомасын есептеу кезінде аталған шығыстар сомасынан жасалған келісім-шарт
шегінде жүргізілетін қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушымен алынған
кірістер сомасы ұстап қалынады.

М ы с а л

"А" компаниясы пайдалы қазбаны барлауға келісім-шарт жасады.
Коммерциялық табу болғаннан кейін "А" пайдалы қазбаны өндіруге келісім-шарт
ж а с а д ы .

Барлауға келісім-шарт бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде "А" жалпы
сомасы 70,155 млн. теңгені шығыстарға жатқызды, олардан:

20 000 теңге барлау жұмыстарын жүргізу үшін негізгі қаражаттарды алумен
б а й л а н ы с т ы шығыстар ,

50 000 теңгені ағымдағы шығыстар құрады,
100 мың теңге - жазылу бонусын төлеу,
40 мың теңге - қызметкерлердің еңбекақысын төлеу қоры,
15 мың теңге - өндірістен тыс және басқа да шығындар.

Барлау бойынша қызмет кезеңінде компания 5 000 теңге сомасында депозит
бойынша банкінің төлемі түрінде кіріс алды, 150 мың теңге мөлшерінде пайдалы
қазбаларды сатудан алынған кіріс, оның ішінде өнеркәсіптік-партияны сатудан
алынған кіріс- (осы операциялар бойынша 60 мың теңге сомасында жағымда
курстық айырым алынды) 90 мың теңге, 80 мың теңге лизингке жабдықты
беруден және 100 мың теңге-қосалқы мердігерлерге жайды жалға беруден

а л ы н д ы .

Геологиялық зерттеу мен табиғат ресурстарын өндіруге дайындық жұмыстары жүргізілген шығыстар сомасын айқындау кезінде және заңдарға сәйкес амортизацияға жататын 70,155 млн. теңгеден мыналар ұсталып қалынады:

тәжірибелік-өнеркәсіптік партияларды сатудан алынған сома - 90 мың теңге,
жабдықты жалға беруден алынған кіріс сомасы - 100 мың теңге,
сонымен 69,965 млн. теңге сома амортизацияланады";

31-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Нұсқаудың 4-1-тармағында көрсетілген геологиялық барлау жұмыстарының есебімен былай болады:

нақты геологиялық, арнайы жұмыстардың түрлерін Қоса тізбесі, олардың көлемі мен құны геологиялық жұмыстарды өндіру талаптарының геологиялық-әдістемелік, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау талаптарының зерттеу және геологиялық объектінің ерекшеліктерінен, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерінен шыға отыра әрбір геологиялық (ғылыми-геологиялық) объектінің жобалық-сметалық құжаттамасында а й қ ы н д а л у ы т и і с ;

- арнайы жұмыстардың кейбір түрлері (сызба-безендіру, сараптау және сол сияқтылар) басқа мамандандырылған кәсіпорындардың күштерімен орындалуы мүмкін және геологтық барлау жұмыстарының құрамды бөлшегі болып т а б ы л а д ы .

Осы жұмыстарды орындаудың қажеттілігі әрбір геологтық объектінің жобалық-сметалық құжаттамасы негізделеді және көрсетіледі. Мұның өзінде, жеңілдік осы геологиялық мекемелермен жұмыстарды орындауға келісім-шартты тікелей жасаған геологтық барлау ұйымдарға ғана қолданылады.";

2) т а р м а қ ш а л а р д а ғ ы :

38, 42 және 44 тармақшалардағы "Есеп берушілік" деген сөздер "декларация" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

45, 46 және 47 тармақтардағы "пайдалы қазбалар" деген сөздерден кейін " оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 47-1 тармағымен толықтырылсын: "47-1. Әртүрлі маркалар мен сорттар өнімін сататын жер қойнауын пайдаланушылар үшін оны сату бағасы шығарылған сорттар мен маркалардың өлшенген орташа көлемі ретінде белгіленеді. Мысал Кен байыту комбинаты құрамында 40% хром тотығы бар хром рудасының 280 000 тоннасын өндірді және 100 000 тонна руда мен құрамында 60% хром тотығы бар хром концентратының 50 000 тоннасын жіберді. Комбинаттың шотына сатылған өнім үшін келіп түсті: руда үшін - 1 600 000 теңге концентрат үшін - 1 500 000 теңге

Бастапқыда рудадағы хром тотығының құрамын былай есептеп шығарамыз: $1\ 000\ 000 \times 0,4 = 40\ 000$ тонна, және концентратта: $50\ 000 \times 0,6 = 30\ 000$ тонна Одан кейін хром тотығының жалпы салмағын аламыз: $40\ 000 + 30\ 000 = 70\ 000$ 1 тонна хром тотығын сатудың орташа есептелген бағасын есептейміз, ол мынаған тең $1\ 600\ 000 + 1\ 500\ 000\ Б = \text{-----} = 44,29\ 70\ 000$ теңге/тонна Одан кейін руданың өтелген запастарындағы хром тотығының санын айқындаймыз: $280\ 000 \times 0,4 = 112\ 000$ тонна Осыдан келіп, роялти мөлшері мынаны құрайды: $Б \times С \times 3п \ 44,29 \times 0,81 \times 112\ 000\ Т = \text{-----} = \text{-----} = 40\ 180$ теңге"

; 1 0 0 1 0 0 5 1 - т а р м а қ т а :

"коммерциялық мақсатта өндірілетін" деген сөздерден кейін "сондай-ақ тегін берілген және өз қажеттілігі үшін пайдаланылатын," деген сөздермен толықтырылсын ;

52-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Роялти салу объектісі болып 55 және 60 тармақтар ережелерінің есебімен , бірінші тауар өнімін сатудың орташа бағасын ескеріп, құндық негізде есептелген өз қажеттілігі үшін пайдалануға немесе тегін беруге, сатуға арналғанына қарамастан пайдалы қазбаны өндіру (оның ішінде, жалпы таралған және жер асты сулары) көлемі табылады.";

5 3 - т а р м а қ т а :

"пайдалы қазбалар" деген сөздерден кейін "оның ішінде жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары" деген сөздермен толықтырылсын;

"ережені ескерумен" деген сөздерден кейін "60-тармақ" деген сөздермен толықтырылсын ;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Есепті кезеңдегі алтын, күміс және платина бойынша бірінші тауар өнімінің бірлігін сатудың орташа бағасы үшін есепті кезеңдегі Лондон металлдар биржасындағы осы металлдарды сатудың нақты өлшенген орташа бағасы қ а б ы л д а н а д ы .

М ы с а л

Кен орнын өңдеуге кіріскен кәсіпорын онда 2 г/тонна орташа алтын құрамы бар 1 000 мың тонна мыс рудасын есепті кезеңде өндірді. Осы кезеңде кәсіпорын 4 \$/гр бағасы бойынша 1500 кг тазартылған алтын сатты. Лондон металлдар биржасындағы алтынның орташа сату бағасы 9 \$/гр.

Роялтидің салық салу объектісі мынадай тәсілмен есептеледі:

2 0 0 к г х 9 = 1 8 0 0 0 \$. " ;

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Есепті кезең үшін көмірсутегі бойынша бірінші тауар өнімінің бірлігін сатудың орташа бағасы үшін есепті кезеңдегі сату орнына дейінгі (осы бірлікке жатқызылатын) тасымалдауға нақты шығыстар сомасына азайту және жанама

салықтарды (осы бірлікке жатқызылатын) есептемей оны сатудың өлшенген орташа бағасы қабылданады. Мысал А.Р компаниясы есепті кезеңде екі МӨЗ-ге көмірсутегін сатты: "К" МӨЗ-і 55 000 тоннаны орташа баға бойынша 1 тонна үшін 50 \$ сатып алды, "Г" МӨЗ-і 5 000 тоннаны орташа баға бойынша 1 тонна үшін 41 \$ сатып алды. Мұның өзінде, сатылған өнім көлемінің барлығына акциз 132 \$, ҚҚС-519 мың \$ және тасымалдау бойынша шығыстар - 50 мың \$ құрады. 1 тоннаға өлшенген орташа бағаны сатуды есептеу кезінде мыналар қажет: $(55 * 50 + 5 * 41) - (132 + 519 + 50) 2254 \text{ -----} = \text{-----} = 37,57 \text{ $/тонна.}$ "; 55 + 5 60 мынадай мазмұндағы 56-1-тармағымен толықтырылсын:

"56-1. Есепті кезеңдегі жалпы таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары бойынша бірінші тауар өнімінің бірлігін сатудың орташа бағасы үшін есепті кезеңдегі тиеу орнынан (осы бірлікке жатқызылатын) тасымалдауға нақты шығыстар сомасы мен жанама салықтар (осы бірлікке жатқызылатын) есебінсіз өндірілген пайдалы қазбалар мен жер асты суларының бірлігін сатудың нақты қалыптасқан өлшенген орташа бағасы қабылданады.

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Есепті кезеңдегі қалған пайдалы қазбалар бойынша орташа сату бағасы тек жанама салықтардың (осы бірлікке жататын) есебінсіз осы пайдалы қазбалардың бірінші тауарлық өнімінің бірлігін сатудың өлшенген орташа бағасы болып табылады." ;

мынадай мазмұндағы 59-1 тармағымен толықтырылсын:

"59-1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 2235 Заңы 100-1 бабының 1-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардан басқа пайдалы қазбаларды сатудың есепті кезеңі болмаған жағдайда сатудың орташа бағасы үшін пайдалы қазбаларды (алғашқы тауарлық өнімнің) сатудың сол кезеңде соңғы сату болған кезеңдегі орташа бағасы қабылданады.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының N 2235 Заңы 100-1 бабының 1-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардан (алғашқы тауарлық өнім) басқа пайдалы қазбаларды сату жоқ болған кезде сатудың орташа бағасы үшін есепті кезеңде роялтидің салық салу объектісін есептеу үшін пайдалы қазбаны өндіруге нақты қалыптасқан шығыстар қабылданады.

Мұның өзінде, жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбалардың нақты сату бағасын (алғашқы тауарлық өнімді) ескеріп роялтидің одан кейінгі түзету енгізуін жүргізуге міндетті.

М ы с а л

Өндіру кезеңіне кіріскен жер қойнауын пайдаланушы бірінші жылы өнімді сатуды жүргізген жоқ, тек оны жинақтады.

Мұның өзінде, роялти оны өндіруге нақты қалыптасқан шығындарды ескеріп
т ө л е н д і .

Жеткізуге келісім-шарт жасалынғаннан кейін бұрын өндірілген және қоймада жинақталған өнімнің бірінші партиясы сатылды. Мұның өзінде, алғашқы тауар өнімін сату жүргізілген кезеңде жер қойнауын пайдаланушы өнімнің нақты сатылған көлемі бойынша есепті кезең үшін өнімнің орташа сату бағасын ескеріп роялти түзету енгізуін жүргізеді, ол бойынша роялти оларды өндіруге нақты қалыптасқан шығыстарды ескеріп бұрын төленді."

63 және 98 тармақтардағы: "Есеп айырысулар" деген сөз "Декларация" деген
с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 76-1 тармағымен толықтырылсын:

"76-1. Олар үшін роялтидің кесімді ставкасы белгіленген пайдалы қазбаларды өндіруге басқа пайдалы қазбаларды өндіруге келісім-шарттардың мерзімін ұзартқан жағдайда Құзыретті орган роялти ставкасын ұлғайту жағына қайта
қ а р а у ғ а қ ұ қ ы қ т ы .

М ы с а л

Қолданыс мерзімі 20 жыл, алтын өндіруге келісім-шарт жобасының салық сараптамасын жүргізу кезінде 1,5% роялти ставкасы белгіленді.

Аталған мерзім аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы Келісім-шарттың қолдану мерзімін ұзартуға өтініш берді. Алтын өндіру бойынша жұмысты жалғастыру кезінде есепті ескеріп ЖҰӨ жобасы роялти ставкасы кезінде 1,5% - 13,9% құрайды. Келісім-шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімді қабылдау кезінде Құзыретті орган өзге роялти мөлшері белгілеу туралы шешімді қабылдай алады."; 84-тармақта "осы" деген сөз " аталған" деген сөздермен ауыстырылсын; 25-тарау мынадай редакцияда жазылсын: "25-тарау. Тарихи шығыстар мөлшерін белгілеу тәртібі, есеп беру мен тарихи шығыстарды өтеу сомасын төлеу мерзімі. Мынадай мазмұндағы 103-1 тармағымен толықтырылсын: 103-1 Тарихи шығыстарды өтеу сомасын төлеудің тәртібі, мерзімі және осы сомалар бойынша есеп беру жер қойнауын пайдалануға әрбір келісім-шартта дербес белгіленеді."; 26-тарау алып тасталсын; мынадай мазмұндағы YIII-I тараумен толықтырылсын: "YIII-I тарау. Жер қойнауын пайдалануға Келісім-шарт жасалғанға дейін бюджетке төленуге тиіс жер қойнауын пайдаланушылардың төлемдері 26-1-тарау. Төлемдер туралы жалпы
е р е ж е л е р .

104-1. Пайдалы қазбалар бойынша Республикалық жер қойнауын қорғау қорына жер қойнауын пайдаланушылармен бұрын енгізілген және минералдық-шикізат базасын қалпына келтіру және кесімді ренталық төлемдер жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасалғанға дейін роялти түрінде республикалық бюджет кірісіне есептелетін аударулар меншік нысанына

қарамастан жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті төлемдері болып табылады.

104-2. Төлем енгізу бойынша міндеттемелер мынадай қажетті жағдайлар кезінде жер қойнауын пайдаланушыларда туындайды:

олар өндіретін пайдалы қазба жер асты суларынан басқа баланстық запастар ретіндегі мемлекеттік есепте орналасқан, олар негізінде төлем енгізу бойынша міндеттемелер оларды пайдалану сәтінен бастап басталады;

кен орнын әзірлеу жобасымен осы пайдалы қазбаны пайдалану қарастырылады;

пайдалы қазбаны өндіру құқығына тиісті лицензияны уәкілетті органнан алу.

104-3. Төлем төлеу ақшалай нысанда жүргізіледі.

26-2-тарау. Есептеудің жалпы жағдайлары және төлемді енгізу мерзімі

104-4. Төлемді есептеу үшін негіз болып пайдалы қазбаларды өндіру табылады.

104-5. Төлем мұнай, газ (бұдан әрі - "Ставкалар") және көмірге кесімді (ренталық) төлемдер мен минералдық-шикізат базасын қалпына келтіру бойынша геологиялық іздестіру жұмыстарына шығыстарды өтеу ставкасының негізінде есептеледі, олардың мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

104-6. Кешенді руданың кен орнын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар рудадағы әрбір жағымды компонент үшін төлем жүргізеді.

104-7. Есептелген мөлшерлердегі төленген төлем жер қойнауын пайдаланушылардың жиынтық жылдық кірісінен ұстап қалуға жатады.

26-3-тарау. Төлем салық салу объектісі

104-8. Төлем салық салу объектісі есепті кезеңдегі нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған бірінші тауарлық өнімді сатудың орташа бағасы бойынша (осы Нұсқаудың 55, 56, 56-1, 59 және 60-тармақтары ережелерінің есебіне сәйкес) есептелген, есепті кезеңдегі өндірілген пайдалы қазбалар көлемінің құны болып табылады.

104-9. Су пайдаланушыда өндірілетін судың есебі қаражатының жоқтығы жағдайында сору жабдығының өнімділігі мен су көздерінің сол немесе басқа нақты жабдықтау мерзімдерінің есебімен суды пайдаланудың технологиялық нормасының есебінен Қазақстан Республикасының Табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеттің су шаруашылығы бойынша тиісті аймақтық органдармен келісілген тұтыну мөлшеріне төлем есептеледі. 26-4-тарау. Төлем мөлшерін айқындау тәртібі 104-10. Ақша түріндегі төлемді есептеу (мұнайға, газға және көмірге кесімді (ренталық) төлемдерден басқа) мынадай формула бойынша жүргізіледі: $B * C * 3п$
 $T = \text{-----}$, 100 мұндағы: Т-Төлем; Б - соңғы өнім бірлігін сатудың орташа

бағасы; С - сату бағасынан проценттегі ставка мөлшері; Зп - есепті кезеңдегі өндірілген пайдалы қазба (лар) саны. 26-5-тарау. Төлем төлеу тәртібі 104-11. Төлем төлеуді айқындау бойынша есепті кезең болып күнтізбелік ай саналады. 104-12. Төлем төлеушілер ай сайын, ал егер тоқсан үшін орташа айлық төлемдер 1000 айлық есептік көрсеткіштен кемді құрайтын болса, онда тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей осы Нұсқауға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларацияны ұсынады. 104-13. Есептелген және келіп түскен төлемдердің есебін белгіленген нысан бойынша салық төлеушілердің жеке шоттарындағы карточкаларда салық органдары жүзеге асырады." Оқығандар: Омарбекова А.Т. Қасымбеков Б.А.